ҒТАМР 06.52.17
ӘОЖ 338.1
JEL O2, O18, C54, C 21

https://doi.org/10.46914/1562-2959-2026-1-2-27-41

**ЖАППАРХАНОВА Ж.У.,**[1]
докторант.
e-mail: zhaukazyna44@gmail.com
ORCID ID: 0009-0006-7717-7746
**ТАЛАПБАЕВА Г.Е.,**[1]
э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.
e-mail: Gulnar7575@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-5162-6028
**САБИРОВА Р.К.,***[2]
э.ғ.к., профессор.
*e-mail: sabirovar68@gmail.com
ORCID ID: 0000-0002-9947-6564
**КАРИМОВ Н.Г.,**[3]
э.ғ.д., профессор.
e-mail: n.karimov@tsue.uz
ORCID ID: 0000-0001-6963-240X
[1]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан
[2]Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау қ., Қазақстан
[3]Ташкент мемлекеттік экономикалық университеті,
Ташкент қ., Өзбекстан

# «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДАҒЫ ГИБРИДТІ ТӘСІЛ: K-GTED ЖӘНЕ TRINITY MODEL

**Аңдатпа**

Қазіргі кезеңде «Ауыл – ел бесігі» (АЕБ) мемлекеттік бағдарламасы негізінен инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға басымдық береді, алайда мұндай инвестициялардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық әсері жергілікті басқару сапасы мен басқарушылық әлеуетке тікелей тәуелді екені анықталуда. Мақалада «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын талдау үшін Экономикалық дамудың жалпы теориясы қолданылды, экономикалық дискриминация принципі мен «Даму триадасы» моделі негізге алынады. Зерттеуде АЕБ-ның жұмыс тетіктері экономикалық даму принципіне қаншалықты сай келетіні анықталды. Себебі мұндай сәйкестік тұрақты даму мен кедейлікті төмендетудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы ауылдық аумақтарды кешенді дамытуға бағытталған АЕБ бағдарламасының ұзақ мерзімді тиімділігін бағалауға арналған жаңа теориялық-әдіснамалық негіз ұсыну. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Қазақстанның макроэкономикалық даму стратегиясының қағидаттарын (K-GTED) Корея тәжірибесіндегі Trinity Model (Үштік модель) принциптерімен ұштастыратын гибридті тұжырымдаманы енгізуінде. Ұсынылған гибридті модель мемлекеттік инвестициялар мен жергілікті басқару әлеуетінің өзара синергетикалық әсерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Мақалада АЕБ бағдарламасын іске асыру барысында әртүрлі басқару модельдерін қолданған Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының тәжірибесі салыстырмалы талдау негізінде қарастырылған. Талдау нәтижелері бағдарламаның тиімділігі қаржыландыру көлемінен гөрі, оның стратегиялық бағытталуы мен басқару сапасына көбірек тәуелді екенін көрсетті. Қорытындыда ұсынылған гибридті модельді эмпирикалық тексеру үшін жылдық панельдік деректерге негізделген панельдік регрессиялық модельді қолдану ұсынылады.

Зерттеу нәтижелері АЕБ бағдарламасының келесі кезеңдерінде жергілікті әлеуетті арттыруға, сондай-ақ цифрлық басқару тетіктерін енгізуге бағытталған практикалық ұсыныстарды қалыптастыруға негіз болады.

**Тірек сөздер:** жәрдемақы, мемлекеттік бағдарлама, гибридті модель, өмір сапасы, экономикалық тетіктер, әлеуметтік-экономикалық әл-ауқат, табыс, ақшалай трансферттер.

**Кіріспе**

Жаһандық деңгейде өнеркәсібі өркендеген елдер кедейлікпен күресу үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін белсенді қолданады. Әсіресе ауылдық өңірлерге басымдық беріледі, себебі бұл аймақтарда экономикалық өсуді ынталандыру және кедейлікті жою аса маңызды болып саналады. Бұл тұрғыда Оңтүстік Кореяның тәжірибесі ерекше. 1970 ж. ол «Жаңа ауыл қозғалысы» (SMU) атты бағдарламаны іске қосып, кедейлікпен күресудің жаңа үлгісін қалыптастырды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – ауылдық елді мекендердің дамуын қалалық аймақтардың өсім қарқынына жақындату еді. 1960–1970 жж. экономикалық өрлеу мен кедейлікті жоюдағы SMU-дың табысы Экономикалық Дискриминация (Economic Discrimination, ED) қағидатына сүйенді. Бұл қағида меритократиялық тәсілді көздеді: үкімет өзін-өзі дамытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізген ауылдарды ғана қолдап, сол арқылы «жақсы көрсеткішті ынталандыру, төмен көрсеткішті шектеу» принципін қолданды [1].

Нәтижесінде, SMU-дың кедейлікті жоюдағы тиімділігі сандық тұрғыдан айқын көрініс тапты: 1970–1977 жж. аралығында ауылдағы салыстырмалы кедейлік деңгейі $27,9%-дан $10,8%-ға дейін айтарлықтай төмендеді. Сонымен қатар, 1970 жылдардың басында ауыл шаруашылығымен айналысатын үй шаруашылықтарының табысы қалалық жұмысшылардың табысынан асып, $100 деңгейіне жетті [1].

Америка Құрама Штаттарында да осыған ұқсас шаралар қолға алынды. Олардың бастауы 1964 ж. президент Линдон Джонсон жариялаған «кедейлікке қарсы американдық соғыс» бағдарламасынан басталады [2]. АҚШ-та жүзеге асырылған бастамалар негізінен Оңтүстікте орналасқан, кедейлік деңгейі ұзақ жылдар бойы жоғары болып келе жатқан аймақтарға бағытталды. Бұл аумақтар ғылыми еңбектерде «кедейлік шоғырланған аймақтар»деп аталады (мысалы, Орталық Аппалачия, Төменгі Миссисипи дельтасы және Техас шекарасы). Елде жүргізілген зерттеулер мемлекеттік қаржыландырудың білім беру жүйесіне, денсаулық сақтау инфрақұрылымына, ауруханаларға және әлеуметтік қолдау бағдарламаларына әсерін талдап, олардың кедейлікті төмендетудегі рөлін бағалады. Нәтижесінде, білім беру саласын қаржыландыруды арттыру аталған кедейлік шоғырланған округтерде де, олардың маңайындағы өңірлерде де кедейлікті айтарлықтай азайтатыны анықталды. Атап айтқанда, білім беру шығындарының артуы кедейлік шоғырланған округтердегі кедейлік деңгейін орташа есеппен $0,5–1,0 пайыздық тармаққа төмендетуге ықпал еткен [2]. Негізгі әсер қаржы тікелей бөлінген округтерде байқалды. Сонымен бірге, денсаулық сақтау саласы мен ауруханаларды қаржыландырудың артуы «кедейлік ошақтарындағы» көршілес округтерде кедейліктің жоғарылауымен қатар жүрді. Бұл жағдай аталған аймақтардың өңірлік медициналық орталықтар ретінде жұмыс істеп, тұрмыс деңгейі төмен жақын аудандардан аз қамтылған отбасыларды тартатынын көрсетуі мүмкін. Ал әлеуметтік қолдау бағдарламаларына (мысалы, TANF) бағытталған шығындар АҚШ-тың Оңтүстігіндегі «кедейлік ошақтарының» ішінде де, олардың маңында да кедейлікті азайтуға айтарлықтай ықпал ете алмады.

Әлемдік ғылыми әдебиеттерде ауылдық аумақтарды дамыту мен кедейлікті азайтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі көпқырлы феномен ретінде қарастырылады. Jwa S.H. [1] еңбектерінде негізделгендей, бұл бағдарламалардың нәтижелілігі тек қаржыландыру көлемімен ғана емес, институционалдық сапа мен Economic Discrimination (экономикалық дискриминация) қағидатына тікелей байланысты. Бұл қағида мемлекет тарапынан ресурстарды барлық ауылдарға тең бөлу емес, керісінше, өзін-өзі дамытуға қабілетті, институционалдық әлеуеті жоғары қауымдастықтарды іріктеп қолдау механизмін ұсынады.

Көптеген елдер кедейлік пен оның көпқырлы салдарын тікелей еңсеру үшін әлеуметтік көмек бағдарламаларын, соның ішінде ақшалай трансферттерді енгізді [3]. Бұл бағдарламалар шартты немесе шартсыз ақшалай төлемдерді қамтиды және олар қысқа мерзімді қаржылық қолдау көрсетумен қатар, адами капиталды ұзақ мерзімді дамытуда жоғары тиімділігін дәлелдеді [4].

Мысалы, Оңтүстік Африка Республикасындағы Балаларға қолдау көрсету гранты – табысы ең төменгі 30% үй шаруашылықтарына бағытталған шартсыз ақшалай трансферт – азық-түлік кедейлігі алшақтығын айтарлықтай төмендетіп, балалардың ерте жастағы даму көрсеткіштерін жақсартты [5].

Осындай бастамалар мақсатты қаржылық интервенциялардың тек жедел экономикалық қиындықтарды жеңілдетіп қана қоймай, адами капиталға инвестиция салу арқылы кедейліктің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу циклін үзуге көмектесетінін көрсетеді [6, 7].

Қорытындылай келе, әлеуметтік әл-ауқат бағдарламалары, соның ішінде әртүрлі ақшалай трансферттер, азық-түлік көмегі, тұрғын үй субсидиялары және әлеуметтік сақтандыру тетіктері осал топтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды құралдар болып табылады. Олар кедейлік деңгейіне, кедейліктің тереңдігіне және табыс теңсіздігіне тікелей әсер етеді.

Тікелей қаржылық көмектен бөлек, кейбір елдер экономикалық қиындықтарға тап болған отбасыларға қажетті тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін әлеуметтік қорғаудың кең ауқымды жүйелерін – әлеуметтік жәрдемақыларды, азық-түлік көмегін және тұрғын үйді қолдау шараларын – енгізді [8]. Мысалы, Нигериядағы Ұлттық әлеуметтік қауіпсіздік желілері жобасы адами капиталды арттыру мақсатында шартты ақшалай трансферттерді қолданса, Уганда мен Руандада өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған Егде жастағыларға арналған грант және Vision 2020 Umurenge бағдарламасы сияқты бастамалар жүзеге асырылды [9].

Дегенмен, Simangunsong H & Sihotang D [3] мен  Saputra G.R. [4] зерттеулері көрсеткендей, әлеуметтік трансферттер қысқа мерзімді табыс тапшылығын азайтқанымен, өндірістік және кәсіпкерлік әлеуетті өздігінен қалыптастыра алмайды. Ұзақ мерзімді перспективада бұл масылдық мінез-құлықтың (dependency trap) пайда болуына алып келуі мүмкін екендігі ғылыми әдебиеттерде жиі айтылады. Сондықтан қазіргі заманауи тәсілдер әлеуметтік саясатты өндірістік және институционалдық реформалармен үйлестіру қажеттілігін баса көрсетеді.

Сонымен бірге кейбір зерттеушілер елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда инфрақұрылымға инвестиция салу экономикалық өсуді ынталандыру үшін салықтық тетік болып табылады десе,   енді бірі экономикалық қызметке инфрақұрылым үш тәсілмен әсер ететіндігін айтады [10].

Біріншіден, көлік пен байланыс секілді делдалдарды кеңейту арқылы өндіріс пен жұмыспен қамтудың өсуіне ықпал ету, екіншіден, адами капитал өсіп, білім беру мен денсаулық сақтау сияқты сапалы қызмет көрсетіле отырып, қоғамның әлеуметтік өмірі жақсарады. Үшіншіден, қаржылық операциялар, қарыздар мен басқа қызметтер сияқты қаржылық мүмкіндіктер жақсарады. Инфрақұрылымның бір түрінің кеңеюі екінші бір экономикалық инфрақұрылым түрін дамытуды толықтырады. Кейбір зерттеулерде инфрақұрылымға шамадан тыс инвестиция салу өндірістік секторға бағытталатын күрделі қаржы үлесінің қысқаруына алып келетіні көрсетілген [10]. Инфрақұрылымды жақсарту ауылдық жерлерде жұмыс күшін қолдануға мүмкіндік берді, бұл кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ететін шағын кәсіпорындар ашуға, жеке бизнесті жүргізуге әкелді [11, 12]. Алайда, Awain A.S. [10] және Wang P. [11] зерттеулері инфрақұрылымдық инвестициялардың әсері жергілікті басқару сапасына жоғары тәуелді екенін дәлелдейді. Институционалдық орта әлсіз аймақтарда инфрақұрылым экономикалық мультипликативтік әсер бермей, тек физикалық актив ретінде қалып қояды. Бұл жағдай корейлік Trinity Model тұжырымдамасының маңыздылығын айқындайды: ауылдық даму тек материалдық инвестициямен шектелмей, алдымен сана-түйсікті өзгерту (mindset transformation), кейін басқару қабілетін арттыруды (capacity building) қамтуы тиіс.

Экономикалық дамуды қамтамасыз ету, қала мен ауыл арасындағы теңсіздікті жою мәселесі посткеңестік мемлекеттер үшін әлі де маңызды міндет болып отыр. Қазақстанның ауылдық өңірлері азық-түлік қауіпсіздігін сақтаудағы және ұлттық бірегейлікті нығайтудағы стратегиялық маңызына қарамастан, жастардың жаппай көшуі, инфрақұрылымның төмен сапасы және табыс көздерін әртараптандыру мүмкіндіктерінің шектеулілігі сияқты созылмалы мәселелерге тап болып келеді. Осы қиындықтарға жауап ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі 2019 жылдан бастап ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жан-жақты жақсартуға бағытталған ауқымды «Ауыл-ел бесігі» (АЕБ) бағдарламасын жүзеге асырып келеді [13].

«Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы ауылдық өңірлерді дамытуға бағытталған кешенді және ауқымды қаржыландыруды қамтитын бастама ретінде сипатталады. Бағдарлама ауыл инфрақұрылымын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және әлеуметтік жағдайды көтеруге негізделген. Бұл шаралар кедейлікпен күресуге және қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік-экономикалық алшақтықты азайтуға тікелей ықпал етеді. Бұл зерттеудің негізгі фокусы болып табылатын әлеуметтік әлсіз (осал) топтар (немесе аз қамтылған отбасылар) – бұл ауылдық жерлерде табыс деңгейі төмен және негізгі әлеуметтік игіліктерге (сапалы білім, денсаулық сақтау және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері) қолжетімділігі шектеулі болып табылатын халық топтары. АЕБ бағдарламасының мақсаты – осы топтардың өмір сүру сапасын жан-жақты жақсартуға және әлеуметтік-экономикалық алшақтықты азайтуға тікелей үлес қосу.

Қазақстандық контексте «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасына қатысты қазіргі ғылыми еңбектер негізінен қаржы көлемі мен іске асырылған жобалар санына шоғырланған. Алайда, бұл бағдарлама бұрын Экономикалық дамудың жалпы теориясы (GTED) және Trinity Model тұрғысынан жүйелі түрде қарастырылмаған. Осы ғылыми олқылықты толтыру мақсатында, бұл зерттеу Қазақстанның макроэкономикалық даму моделі K-GTED пен ауылдық дамудың микродеңгейдегі басқару қағидаттарын біріктіретін гибридті тұжырымдаманы ұсынады. Бұл тәсіл инвестиция мен басқару сапасының синергиясын бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының ұзақ мерзімді тұрақтылығын және әлеуметтік әлсіз топтардың өмір сүру сапасына әсерін бағалауға арналған гибридті теориялық-әдіснамалық негізді ұсыну. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

1. Ауылдық даму бағдарламаларына қатысты халықаралық (Корея, АҚШ) және ұлттық (K-GTED) теориялық модельдерді зерттеу.
2. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының негізгі бенефициарлары болып табылатын Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының іске асыру тәжірибесіне салыстырмалы талдау жүргізу.
3. АЕБ инвестицияларының тиімділігін жергілікті басқару әлеуетімен (Үштік модель) біріктіретін гибридті тұжырымдаманы ұсыну.
4. Ұсынылған гибридті моделді эмпирикалық тексеруге арналған эконометрикалық әдіснаманы негіздеу.

**Материалдар мен әдістер**

АЕБ бағдарламасына қатысты бар зерттеулер көбіне қол жеткізілген нақты нәтижелерге, мысалы, жөнделген жолдар санына немесе әлеуметтік нысандардың жаңартылуына және бөлінген бюджет көлеміне назар аударады. Алайда ауылдық кедейлікті азайтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың стратегиялық маңыздылығына қарамастан, Қазақстанда олардың тиімділігін терең талдайтын ғылыми жұмыстар өте аз. Әсіресе, АЕБ бағдарламасының масылдықты (free-riding) қалай шектейтіні және жергілікті кәсіпкерлікті қалай ынталандыратыны жөнінде жүйелі талдау жоқ. Бұған қоса, АЕБ бағдарламасы бұрын - соңды экономикалық дамудың жалпы теориясы (GTED) тұрғысынан зерттелмеген.

Мақаланың негізгі жаңалығы төмендегідей:

1. Теориялық деңгейде: GTED моделі Орталық Азиядағы мемлекеттік бағдарламаларды талдау үшін алғаш рет қолданылып отыр.
2. Практикалық деңгейде: АЕБ-ті тек бюджетке сүйенетін жоба емес, ауылдық қауымдастықтардың өзін-өзі дамытуына және өзара бәсекелесуіне ынталандыратын бағдарламаға айналдыруға қатысты ұсыныстар жасалады. Бұл ұсыныстар бағдарламаның ұзақ мерзімді тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Бұл зерттеу жұмысы аралас әдіснамалық тәсілді (Mixed Methods Approach) қолдану арқылы жүргізілді.

1. Зерттеу әдістерінің сипаттамасы:

◆ Сапалық (Теориялық-салыстырмалы). Зерттеудің басты мақсаты – ауылдық дамуға қатысты халықаралық теориялық негіздерді (Trinity Model және GTED) Қазақстанның ұлттық контексімен (K-GTED) үйлестіру. Бұл талдау нәтижесінде гибридті тұжырымдама ұсынылды.

- Сандық (Эмпирикалық). Бұл компонент ұсынылған гибридті модельдегі синергиялық байланысты эмпирикалық тұрғыдан тексеруге бағытталған. Талдау әдісі ретінде Панелдік Регрессиялық Моделді қолдану негізделеді.

2. Дереккөздері: Бірінші деректер «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының 2019–2024 жж. аралығындағы жиынтық сандық мәліметтері. Бұл деректер облыстардың Экономика және қаржы басқармаларының ресми есептерінен алынды. Екінші деректер: Теориялық негіздемені қалыптастыру үшін корейлік [1], американдық [2] және қазақстандық [14, 20] зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды.

**Нәтижелер мен талқылау**

Мемлекеттік қаржыландыру мен бағдарламалық тәсілдердің тиімділігін арттыруда халықаралық тәжірибедегі теориялық моделдерді қолдану маңызды. Кедейлікті жоюға арналған Ауылдық дамудың «Үштік моделі» (Trinity Model of Rural Development) ауылдықтар, ауылдық ұйымдар және мемлекеттік органдар арасындағы синергетикалық ынтымақтастыққа негізделген [1]. Бұл тәсіл Saemaul Undong тәжірибесіне және қазіргі даму экономикасына сүйене отырып, нарықтық кемшіліктерді ғана емес, сонымен қатар ауылдық трансформацияға кедергі келтіретін мінез-құлықтық және институционалдық тосқауылдарды да шешуге бағытталған. Ауылдық ұйымдарға бақылау рөлін жүктеу және жергілікті қатысушыларды бәсекелестік ынталандыру мен мотивациялық білім арқылы күшейту моделге өзіне-өзі көмектесу мен ұжымдық іс-қимыл түсінігін қалыптастырады, осылайша даму интервенцияларының тиімділігі мен тұрақтылығын арттырады.

Бағдарламаны теориялық тұрғыдан түсіндіру үшін зерттеушілер Тринити немесе Триада моделін пайдаланады. Бұл модель Saemaul Undong-тың табыстылығын үш өзара байланысты компонент арқылы сипаттайды. Бірінші компонент – сана-түйсіктің өзгеруі (mindset transformation), ол тұрғындардың проблемаларды пассивті қабылдауынан белсенділікке көшуін қамтамасыз етеді. Екінші компонент – қауымдық әлеуетті қалыптастыру және басқару қабілетін дамыту (capacity buil ding), яғни ауылдық көшбасшылар мен қауым мүшелерін оқыту, жобаларды ұйымдастыру және орындау дағдыларын дамыту арқылы іске асады. Үшінші компонент – инфрақұрылымдық және экономикалық жобаларды жүзеге асыру (projects & material improvement), ол жолдар, су жүйелері, мектептер, балабақшалар және ауылшаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту арқылы ауыл өмірін жақсартуға бағытталған.

Тринити моделінің мәні – кез келген материалдық жаңғырту алдымен әлеуметтік-психологиялық өзгерістерден басталуы тиіс. Яғни мемлекеттің қолдауы, инфрақұрылымдық жобалар мен ресурстар тек ауыл тұрғындарының белсенділігімен және жергілікті институттардың тиімді басқаруымен толыққанды нәтиже береді. Мұнда мемлекет – жергілікті институттар – ауыл тұрғындары арасындағы өзара іс-қимыл негізгі рөл атқарады. Мемлекет материалдық және нормативтік қолдау береді, жергілікті институттар ресурстарды тиімді ұйымдастырады және басқару функциясын атқарады, ал ауыл тұрғындары жобаларды іске асырушы және өзгерістердің тікелей бенефициарлары болып табылады. Осы үш элементтің үйлесімділігі ауылдық даму бағдарламаларының ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етеді.

Бұдан бөлек, үштік модель бастапқы кезеңдерде мемлекет басқаратын қоғамдық игіліктер жобалары мен микроқаржы бастамаларын біріктіруді қолдайды, бұл кейіннен ауылдарға жеке кәсіпкерлік және жоғары қосылған құнды қызметтер үшін капитал жинауға мүмкіндік береді. Ауылдық деңгейдегі ұйымдармен нығайтылған және қауымдастық басымдықтарына жауап беретін ынтымақтастық басқару қатысу мен жауапкершілік мәдениетін орнықтырады, бұл басқа жерлердегі орталықтандырылмаған ауылдық басқару жүйелерінде байқалған тиімді элементтерді көрсетеді [15]. Әртүрлі контекстердегі эмпирикалық дәлелдер бұл концептуалды тәсілді негіздейді: ауылдық меншіктегі кәсіпорындардың тиімді дамуы көбінесе жергілікті көшбасшылықты нығайтуға, жеке және ұйымдық басқару дағдыларын арттыруға және ашық қаржылық басқару үшін цифрлық жүйелерді енгізуге байланысты болады. Бұл факторлар тұтастай алғанда берік және тұрақты ауыл экономикасының қалыптасуына әкеледі [15, 16].

Saemaul Undong тәжірибесі тұрақты, инклюзивті ауылдық дамудың алғышарты ретінде өзіне өзі көмектесу мен ынталандырушы білім арқылы бейресми реформаларды және формалды институционалдық реформаларды (мысалы, ережеге негізделген экономикалық кемсітушілік саясаттары) енгізудің қажеттілігін көрсетеді. Соңғы жылдары ауылдық елді мекендердің әлеуетін арттыруға бағытталған мемлекеттік бастамалар басты назарда. Осы тұрғыда, ауылдарды іріктеуге және дамытуға жаңаша көзқарас енгізілді. Жаңартылған іріктеу тәсілі негізінде болашағы бар 3477 ауыл таңдалып, бұл елді мекендерде 6,6 млн адам тұратыны анықталды. Бұл көрсеткіш жалпы ауылдық тұрғындардың 85 пайызына сәйкес келеді (6) Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде 7 жылдың ішінде 7 млн ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы жақсарып, 130 мың жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілді. Ауылдардағы жағдайды жақсарту ауқымды инфрақұрылымдық жаңғырту арқылы жүзеге аспақшы. Оның аясында 7 мың шақырымнан астам жол мен ауыл көшелері салынып, жөнделеді, тұрғындар толықтай сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандары салынуы мен жаңартылуы көзделген. Бағдарламаның негізгі тетіктері ретінде якорлық кооперация мен қосылған құн тізбегін құру қарастырылған. Жобаларды тиімді іске асыру үшін экономикалық мүмкіндігі жоғары және ірі қалалар мен сауда орталықтарына жақын орналасқан тірек ауылдарға ерекше назар аударылады. 2019–2024 жж. аралығында «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы Қазақстанның ауылдық аумақтарын жүйелі жаңғыртуға бағытталған ірі ұлттық бағдарламаға айналды. Бұл кезеңде республика бойынша 6500-ден астам жоба іске асырылып, ауылдық инфрақұрылымның сапасы айтарлықтай жақсарды. «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстары осы бағдарламаның негізгі бенефициарлары қатарында болып, мемлекеттік қолдау аясында жүздеген жобаларды жүзеге асырды.

Мәселен, Түркістан облысы ең ауқымды көрсеткішке ие болды, жалпы 113,2 млрд тг қаржыландырумен 1567 жобаны іске асырып, 363 ауылды қамтыды [17]. Бұл өңірдің көлемдік және диверсификацияланған даму үлгісін көрсетеді. Жамбыл облысы 68,3 млрд тг көлемінде 957 жобаны іске асырып, негізгі бағытты әлеуметтік нысандарды (мектеп, денсаулық сақтау) нығайтуға аударды [18]. Бұл теңгерімді даму моделін таңдағанын білдіреді. Қызылорда облысы 48,9 млрд тг қаржыландырумен 512 жобаны іске асырды [19]. Бұл қаржы көлемі басқа екі облыстан аз болғанымен, өңір жол-көлік және инженерлік инфрақұрылымға басымдық беріп, стратегиялық фокус арқылы тиімділікке қол жеткізген аймақ ретінде ерекшеленеді.

Saemaul Undong тәжірибесін Қазақстандағы «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасына бейімдегенде, Тринити моделі бағдарлама құрылымын жетілдіруде маңызды құрал бола алады. «Ауыл – Ел бесігі» қазіргі таңда ауыл инфрақұрылымын жақсартуға, әлеуметтік нысандарды жаңартуға және жаңа жұмыс орындарын құруға басымдық береді, бұл Тринити моделінің үшінші компонентіне сәйкес келеді. Алайда корей тәжірибесінде көрсетілгендей, инфрақұрылымдық жетістіктер тек ауыл тұрғындарының белсенді қатысуымен және жергілікті институттардың басқарушылық қабілетінің жоғары болуымен тұрақты нәтиже береді. Қазақстанда бұл компоненттерді күшейту арқылы АЕБ бағдарламасының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге болады. Мысалы, ауыл тұрғындарын жобаларды жоспарлауға тарту, жергілікті кооперативтер мен бастамаларды дамыту, ауыл әкімдері мен қоғамдық жетекшілерді арнайы оқыту арқылы бағдарламаны тек бюджетке сүйенетін жоба емес, ауылдық қауымдастықтарды өзін өзі дамытуға ынталандыратын кешенді стратегияға айналдыруға болады. Ауылдық дамудың Үштік Моделі (Trinity) төмендегі 1-суретте келтірілген.

Осылайша, Тринити моделі мен Saemaul Undong тәжірибесі Қазақстандағы «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасын тек инфрақұрылымдық жаңғырту ғана емес, ауыл тұрғындарының белсенді қатысуы, жергілікті басқару институттарының күшеюі және әлеуметтік капиталдың артуына бағытталған кешенді даму жүйесі ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл бағдарламаның ұзақ мерзімді тиімділігін арттыруға және ауылдық кедейлікті азайтуға ықпал етеді, сондай-ақ ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті төмендетуге нақты үлес қосады.




Сурет 1 – Ауылдық дамудың Үштік Моделі (Trinity)

Ескертпе: [1] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылды.

Халықаралық тәжірибе мен теориялық негіздерді ескере отырып, Қазақстан өзінің ауылдық аумақтарды дамыту стратегияларын ұлттық дамудың кең ауқымды моделімен сәйкестендіреді. Қазақстанның Экономикалық Дамуының Жалпы Теориясы (K-GTED) – бұл мемлекет, корпоративтік сектор, ұлттық компаниялар, нарық, шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) арасындағы өзара тәуелділікке негізделген ұлттық даму моделі. Бұл модель халықаралық Экономикалық Дамудың Жалпы Теориясының (GTED) принциптерін сақтай отырып, Қазақстанның институционалдық, нарықтық және әлеуметтік ерекшеліктеріне толық бейімделген. Соңғы талдаулар K-GTED мақсаттарын қолдау және тұрақты экономикалық өсуді ынталандыру үшін секторға бағытталған тәсілдерді біріктірудің маңыздылығын көрсетеді, мысалы, креативті индустриялардағы инновациялық экожүйелерді жақсарту мен телекоммуникация сияқты негізгі инфрақұрылым секторларын жаңғырту [20; 21]. Қазақстан экономикасының құрылымы аралас үлгіге негізделген: мемлекет стратегиялық бағыттарды айқындайды, ұлттық компаниялар негізгі индустрияларды қолдап отырады, ал нарық пен шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) экономикалық белсенділіктің күнделікті динамикасын қамтамасыз етеді. Сондықтан, экономикалық дамуды тек нарықтық механизмдер арқылы ғана түсіндіру жеткіліксіз; мұнда мемлекеттік реттеу мен корпоративтік сектордың рөлі анағұрлым маңызды. Бұл үлгіде мемлекет стратегиялық жоспарлаушы, нарық бәсекелестік ортаны қалыптастырушы, ал корпорациялар мен ұлттық компаниялар экономикалық өсімнің негізгі өндірістік және инновациялық қозғаушы күші ретінде қарастырылады [22].

K-GTED және Trinity Модельдерінің Синергиясы. Алайда «Ауыл – Ел бесігі» сияқты әлеуметтік бағдарламалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, тек макроэкономикалық тепе-теңдік (K-GTED) жеткіліксіз. Сондықтан, бұл зерттеу Қазақстанның макроэкономикалық стратегиясы (K-GTED) мен ауылдық дамудың микробасқарушылық принциптерін (Корейлік Trinity Model) біріктіретін гибридті тұжырымдаманы ұсынады. Бұл тәсіл шетелдік модельдерді ескере отырып, АЕБ бағдарламасын жергілікті әлеуетті арттыру арқылы K-GTED-тің ұзақ мерзімді мақсаттарына келтіреді. K-GTED-ден келетін қаржылық ресурс Үштік Модельдегі жергілікті басқару әлеуетімен толықтырылғанда ғана тұрақты нәтиже береді [23]. 2-суретте K-GTED + Trinity жүйелерінің интеграцияланған гибридті моделі берілген.




Сурет 2 – K-GTED және Trinity жүйелерінің интеграцияланған гибридті моделі

Ескертпе: Авторлармен [1] дереккөзі негізінде құрастырылды.

Аталған тұжырымдаманы практикалық тұрғыдан тексеру мен басқарушылық айырмашылықтарды анықтау үшін, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасының негізгі бенефициарлары қатарындағы Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының тәжірибесі талданады. Бұл өңірлер мемлекеттік қолдау аясында жүздеген жобаларды жүзеге асыру барысында гибридті модельдің тиімділігіне қатысты айқын эмпирикалық дәлелдер ұсынады.

Кесте 1 – «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша үш облыстың салыстырмалы көрсеткіштері (2019–2024 жж.)

| Көрсеткіш | Түркістан облысы | Қызылорда облысы | Жамбыл облысы |
|---|---|---|---|
| Жобалар саны | 1567 | 512 | 957 |
| Қаржы көлемі | 113,2 млрд тг | 48,927 млрд тг | 68,3 млрд тг |
| Қамтылған ауыл саны | 363 | 103 | 186 |
| Жұмыс орындары | 3500 | 1500 | 2000 |
| Негізгі бағыттар | Әлеуметтік инженерлік инфрақұрылым | Жол-көлік, электр, су, газдандыру | Әлеуметтік нысандар инфрақұрылым |
| Ескертпе: Авторлармен [17, 18, 19] дереккөздері негізінде құрастырылды. | | | |

Түркістан облысы 2019–2024 жж. аралығында жалпы 1567 жобаны іске асырып, 113,2 млрд тг көлеміндегі қаржыны игерді. Бұл көрсеткіштер бойынша өңір еліміздегі ең ауқымды және кең көлемді инфрақұрылымдық модернизацияны жүзеге асырып жатқан аймақтардың бірі болды. Аймақта барлығы 363 ауыл қамтылып, 3,5 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Түркістан облысының даму моделі көлемдік және диверсификацияланған сипатқа ие, жобалар ауқымы жолдар салудан бастап, сумен қамту жүйелерін жаңартуға, мектептер мен мәдениет үйлерін жөндеуге дейінгі көпсалалы сипатты қамтиды. Алайда, жобалардың көптігі конкурс рәсімдерінің созылуына, мердігерлік компаниялармен шарттардың кеш жасалуына

байланысты қаржыны толық игере алмау сияқты мәселелерді туындатты. Бұл Үштік Модель тұрғысынан қарағанда, жергілікті басқарушылық тәуекелдің және әлеуеттің жеткіліксіздігінің негізгі көрінісі болып табылады.

Қызылорда облысы 2019–2024 жж. аралығында 512 жобаға 48,927 млрд тг бөлді. Бұл Түркістанға қарағанда жобалар саны бойынша төмен көрсеткіш болса да, өңір жобалардың сапасы мен салалық маңыздылығына баса назар аударды. Қызылорданың даму стратегиясының ерекшелігі – жол-көлік, инженерлік және энергетикалық инфрақұрылымға артықшылық беру. Қызылорда облысы жобаларды жоспарлы, реттелген және қаржы игеруді тұрақты деңгейде ұстай отырып жүзеге асырды. Бұл модельде жүйелілік пен басқару сапасы басқа өңірлерге қарағанда жоғары екені байқалады. Яғни, Үштік Модельдегі «әлеуетті қалыптастыру» компонентінің тиімді жұмысы анық көрінеді.

Жамбыл облысы 2019–2024 жж. 957 жобаны іске асырып, жалпы 68,3 млрд тг қаржыны игерді. Жамбыл облысының даму моделі әлеуметтік инфрақұрылымды нығайтуды басты мақсат еткен теңгерімді дамуға бағытталған. Өңірдегі жобалардың басым бөлігі мәдениет үйлерін, спорт алаңдарын, мектептерді, ауылдық клубтар мен дәрігерлік нысандарды жаңғыртуға арналды. Бұл бағыт ауыл халқының өмір сапасына тікелей әсер етіп, әлеуметтік тұрақтылықты арттыруға бағытталған. Аймақта 2000-ға жуық жұмыс орны ашылды. Алайда, Жамбыл өңірінің әлсіз тұстарының бірі – ашық статистика мен толық ақпараттың жеткіліксіздігі, бұл бағдарлама әсерін объективті бағалауды қиындатады [17, 18, 19].

“Ауыл – ел бесігі” бағдарламасы бойынша үш облысқа бөлінген қаржының көлемі 3-суретте көрсетілген.




Сурет 3 – «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша үш облысқа бөлінген қаржы көлемі (2019–2024 жж.), млрд тг

Ескертпе: Авторлармен [17, 18, 19] дереккөздері негізінде құрастырылды.

Үш облысты салыстыра отырып, өңірлердің даму стратегияларының айырмашылықтары анық байқалады. Түркістан облысы – көлемдік және диверсификацияланған сипатқа ие, ауқымды инфрақұрылымдық модернизацияны жүзеге асырып жатқан аймақ. Қызылорда облысы – ресурстарды стратегиялық салаларға бағыттайтын, тар фокус арқылы тиімділікке қол жеткізетін, басқару сапасы жоғары аймақ. Ал Жамбыл облысы – әлеуметтік инфрақұрылымды нығайтуды басты мақсат еткен теңгерімді даму моделін таңдаған өңір.

Жалпы алғанда, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы үш облыста әртүрлі модельдер арқылы жүзеге асқанымен, олардың барлығы ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал жасап, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталғанын байқауға болады. Аймақаралық тәжірибе алмасу, жобалық басқаруды цифрландыру және қаржы игеру тиімділігін арттыру алдағы кезеңде бағдарламаның әсерін күшейтуге мүмкіндік береді.

Жүргізілген теориялық және салыстырмалы талдау Қазақстанның Ауыл – Ел бесігі (АЕБ) бағдарламасының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін инвестициялық тетіктерді (K-GTED) басқарушылық әлеуетпен (Үштік Модель) біріктірудің қажеттілігін дәлелдейді. АЕБ бағдарламасының қазіргі іске асырылуы Үштік Модельдің тек инфрақұрылымдық жобалар (үшінші компонент) бөлігіне ғана сәйкес келеді, ал Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының тәжірибесі жергілікті әкімшілік және институционалдық әлеуеттің әр өңірде әрқилы екенін көрсетті. Бұл – мемлекеттік қаржыландырудың тиімділігі жергілікті басқару сапасына байланысты болатынының негізгі дәлелі.

K-GTED-ден келетін макроэкономикалық инвестиция мен Trinity Model-ден алынған микроэкономикалық басқару механизмдерінің (жергілікті қатысу, ұйымдастыру) гибридті (аралас) тұжырымдамасын ұсыну. Бұл жаңа тәсіл АЕБ бағдарламасының әсерін стандартты әдістермен емес, синергетикалық әсердің (өзара күшею) тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді.

Осы синергиялық байланысты эмпирикалық тұрғыдан тексеру және бағалау үшін Панельдік Регрессиялық Модельді қолдану ұсынылады. Бұл моделді Қазақстанның облыстары бойынша жылдық панельді деректерге негіздеу арқылы есептеуге болады.

$$Y_{it} = \beta_0 + \beta_1 I_{it} + \beta_2 M_{it} + \beta_3 (I_{it} * M_{it}) + \alpha_i + \beta_4 X_{it} + \epsilon_{it}$$

мұндағы:

$Y_{it}$ – нәтижелі айнымалы (ауыл халқының өмір сүру сапасы немесе әл-ауқат көрсеткіші;

$I_{it}$ – инвестициялық фактор (K-GTED), «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша бөлінген қаржы көлемі;

$M_{it}$ – басқарушылық және ментальды фактор (Trinity Model), жергілікті әлеует пен басқару сапасы;

$(I_{it} * M_{it})$ – синергиялық әсер, инвестициялардың тиімділігін арттыратын басқару мен сана-түйсік трансформацияның өзара әрекеттесуі

$\beta_0$ – константа (еркін мүше), барлық факторлар нөлге тең болғандағы базалық деңгей;

$\beta_1$ – инвестициялық фактордың (I) өмір сүру сапасына тигізетін тікелей әсерінің коэффициенті;

$\beta_2$ – басқарушылық әлеуеттің (M) нәтижеге тигізетін жеке әсерінің коэффициенті;

$\beta_3$ – синергия коэффициенті, ол мемлекеттік ресурстардың тиімділігі жергілікті институционалдық дайындыққа қаншалықты тәуелді екенін көрсетеді.

$\beta_4$ – бақылау айнымалыларының (X) әсер ету дәрежесі;

$\alpha_i$ – әр облысқа тән индивидуалды тұрақты ерекшеліктер;

$\epsilon_{it}$ – модельдің кездейсоқ қателігі.

Зерттеу барысында әлеуметтік әлсіз топтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған экономикалық тетіктер өзектілігі дәлелденді. Оңтүстік Кореяның SMU (Saemaul Undong) және АҚШ-тың кедейлікпен күрес тәжірибелерін талдау мемлекеттік қолдаудың әрдайым тиімді бола бермейтінін, оның басқару сапасы мен нысаналы бағытына (әлсіз топтардың шоғырланған аймақтарына) байланысты екенін көрсетті. Бұл тәжірибелер бағдарламаның тиімділігін арттырудағы басқару сапасының маңыздылығын көрсетті. Осы зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – АЕБ бағдарламасының тұрақтылығын бағалауға арналған гибридті теориялық-әдіснамалық негізді ұсыну болатын. Қойылған міндеттер толық орындалды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері келесідей болды:

1. Жүргізілген талдау АЕБ бағдарламасының ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін макроэкономикалық инвестициялық тетіктерді (K-GTED) жергілікті басқарушылық әлеуетпен (Trinity Model) біріктірудің қажеттілігін дәлелдеді.

2. Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының тәжірибесін салыстырмалы талдау мемлекеттік қаржыландырудың тиімділігі қаржы көлемінен гөрі, басқару сапасына (Қызылорда үлгісіндегідей жүйелілік) және жергілікті институционалдық әлеуетке байланысты болатынын көрсетті. Бұл әлеуметтік әлсіз топтардың әл-ауқатын жақсарту үшін инвестициялық қаражатты жергілікті басқару механизмдерімен синергиялық түрде үйлестіру қажеттігін айғақтайды.

## Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының тұрақты әсерін қамтамасыз ету үшін келесі практикалық ұсыныстар беріледі:

1. Инвестициялық қорытындыларды байланыстыру: Мемлекеттік органдарға K-GTED шеңберінде ауылдарға қаржы бөлу кезінде Үштік модельдің бірінші және екінші компоненттеріне (сана-түйсік және әлеуетті арттыру) арналған міндетті қаржыландыру бағытын енгізу қажет.
2. Басқару әлеуетін арттыру: Облыстық әкімдіктер ауылдық округтердің басшылары мен жергілікті қауымдық ұйымдарға басқару, жобаларды жоспарлау және қаржылық есеп беру бойынша тұрақты тренингтер өткізуі керек. Бұл Кореяның Saemaul Undong тәжірибесіндегідей, Экономикалық дискриминация қағидатын қолдануға мүмкіндік береді.
3. Цифрлық бақылау жүйесін құру: АЕБ жобаларының орындалуын бақылауда цифрлық жүйелерді қолдану арқылы ашықтықты арттыру. Бұл K-GTED талап ететін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді және жобаның бастапқы сатысынан соңына дейінгі әрбір қаржылық ағынды қауымдастық деңгейінде көруге мүмкіндік береді.
4. Салыстырмалы талдауды жалғастыру: Ұсынылған Панельдік Регрессиялық модель осы мақалада ғылыми-теориялық негізде қарастырылып отыр. Модельдің сандық параметрлерін бағалау, коэффициенттерін есептеу және эмпирикалық тексеру болашақтағы эконометрикалық зерттеулердің аясында жүргізіледі.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1 Jwa S.H. Korea's Saemaul Undong Revisited as Rural Development Game for Poverty Eradication: A New Development Economics Perspective // The Pakistan Development Review. 2024. No. 1. P. 19–44.

2 Jung S., Cho S., Roberts R.K. The Impact of Government Funding of Poverty Reduction Programmes // Papers in Regional Science. 2015. Vol. 94. No. 3. P. 653–676.

3 Simangunsong H., Sihotang D. The Impact of Economic Conditions on Social Assistance Programs and Poverty Alleviation // Law and Economics. 2023. Vol. 17. No. 2. P. 73–91. DOI: https://doi.org/10.35335/laweco.v17i2.2

4 Saputra G.R. Analyzing the Impact of Government Policy on Poverty Alleviation: Evaluating Social Protection Programs, Healthcare Access and Economic Reforms // Inspirasi & Strategi (INSPIRAT): Jurnal Kebijakan Publik & Bisnis. 2024. Vol. 15. No. 1. P. 27–36.

5 Ruggeri K., Tutuska O.S., Ladini G.A.R. et al. The Psychology and Policy of Overcoming Economic Inequality // Behavioral and Brain Sciences. Cambridge University Press, 2023. Vol. 46. DOI: https://doi.org/10.1017/S0140525X23001103

6 Maolani D.Y. Policy Innovations in Poverty Reduction: Assessing Government Strategies and Their Impact on Socioeconomic Development // International Journal of Religion. 2024. Vol. 5. No. 11. P. 5786–5797. DOI: https://doi.org/10.61707/gn5qy464

7 Simbolon R.S. Analyzing the Impact of Social Assistance Programs on Poverty Alleviation in Karo Regency // Law and Economics. 2022. Vol. 16. No. 3. P. 158–171. DOI: https://doi.org/10.35335/laweco.v16i3.58

8 Amri S., Sihotang J. Impact of Poverty Reduction Programs on Healthcare Access in Remote Areas: Fostering Community Development for Sustainable Health // Law and Economics. 2023. Vol. 17. No. 3. P. 170–185. DOI: https://doi.org/10.35335/laweco.v17i3.43

9 Collin C., Jahed M.I. Social Grants as a Lifeline: Assessing Their Impact on Poverty Reduction in African Countries // International Journal of Economics and Financial Issues. 2025. Vol. 15. No. 6. P. 508–513. DOI: https://doi.org/10.32479/ijefi.19921

10 Awain A.S., Jantan M.D., Sukati I. Assessing the Effect of Integration in Logistics Sector on Economic Growth: Evidence from Sultanate of Oman // International Business Research. 2022. Vol. 15. No. 1. P. 35–51.

11 Wang P., Li Ch., Huang Ch. The Impact of Digital Village Construction on County-Level Economic Growth and Its Driving Mechanisms: Evidence from China // Agriculture. 2023. Vol. 13. P. 1917. DOI: https://doi.org/10.3390/agriculture13101917

12 Huang Z., Song W., Ye C., Hu W. The County Economic Growth Effect of Government Support for Migrant Workers to Return Home for Entrepreneurship // Chinese Rural Economy. 2022. No. 1. P. 24–43.

13 «Ауыл-ел бесігі»: Жамбыл облысының 95 елді мекенінде биыл 280 жоба жүзеге асады // gov.egov.kz. (өтініш берілген күн: 26.12.2025) URL: https://betaegov.kz/memleket/entities/zhambyl/press/news/details/580833

14 Амерханова И.К. Қазақстан Республикасындағы ішкі көші-қон үдерісін әкімшілік құқықтық реттеу тетіктерін қамтамасыз ету шаралары // Alikhan Bokeikhan University хабаршысы. – 2024. – № 3(62). – Б. 21–27.

15 Indriani E., Martiningsih R.S.P., Inapty B.A. Implementing Digital Accounting Information Systems to Enhance Financial Governance in Village-Owned Enterprises (BUMDes): Evidence from West Lombok, NTB // JAA. 2025. Vol. 10. No. 1. P. 35–47.

16 Gunawan F.X.C., Rahman H., Awaru A.T. The Role of Interpersonal Skills of Village-Owned Enterprise (BUM Desa) Managers in East Sumba Regency Facing the Challenges of Changing Economic Structures // Jurnal Bina Praja. 2024. Vol. 16. No. 3. P. 573–587.

17 Түркістанда «Ауыл – ел бесігі» мен «ауыл аманаты» жобаларын бір бағдарламаға біріктіру мәселесі талқыланды. (өтініш берілген күн: 26.12.2025) URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/news/details/931843

18 «Ауыл – ел бесігі»: Жамбыл облысында 111 жоба іске асырылуда. (өтініш берілген күн: 26.12.2025) URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl/press/news/details/1028351

19 «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасының іске асырылуы туралы. (өтініш берілген күн: 26.12.2025) URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-economy/documents/details/75000

20 Oralova S. Development of the Telecommunications Sector in the Economy of Kazakhstan as the Basis of the National Model of the Information Society // Statistics, Accounting and Audit. 2021. No. 4(83). P. 51–58. DOI: https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-4.07

21 Astafyeva A.G., Konopyanova G. Analysis of the State and Development Trends of the Creative and Cultural Sector of the Economy in East Kazakhstan Region // Central Asian Economic Review. 2025. No. 2. P. 46–69. DOI: https://doi.org/10.52821/2789-4401-2025-2-46-69

22 Fang M., Ruan R. State-Owned Enterprises in China as Macroeconomic Stabilizers: Their Special Function in Times of Economic Policy Uncertainty. 2023. DOI: https://doi.org/10.1111/cwe.12503

23 Nurgaliyeva K., Koshkina O., Zaitenova N., Kireyeva A., Kredina A. Relationship between Banking Infrastructure, Innovation and Economic Growth in Kazakhstan // Banks and Bank Systems. 2024. Vol. 19. No. 2. P. 40–52. DOI: https://doi.org/10.21511/bbs.19(2).2024.04

## REFERENCES

1 Jwa S.H. (2024) Korea's Saemaul Undong Revisited as Rural Development Game for Poverty Eradication: A New Development Economics Perspective // The Pakistan Development Review. No. 1. P. 19–44. (In English)

2 Jung S., Cho S., Roberts R.K. (2015) The Impact of Government Funding of Poverty Reduction Programmes // Papers in Regional Science. Vol. 94. No. 3. P. 653–676. (In English)

3 Simangunsong H., Sihotang D. (2023) The Impact of Economic Conditions on Social Assistance Programs and Poverty Alleviation // Law and Economics. Vol. 17. No. 2. P. 73–91. DOI: https://doi.org/10.35335/laweco.v17i2.2 (In English)

4 Saputra G.R. (2024) Analyzing the Impact of Government Policy on Poverty Alleviation: Evaluating Social Protection Programs, Healthcare Access and Economic Reforms // Inspirasi & Strategi (INSPIRAT): Jurnal Kebijakan Publik & Bisnis. Vol. 15. No. 1. P. 27–36. (In English)

5 Ruggeri K., Tutuska O.S., Ladini G.A.R. et al. (2023) The Psychology and Policy of Overcoming Economic Inequality // Behavioral and Brain Sciences. Cambridge University Press. Vol. 46. DOI: https://doi.org/10.1017/S0140525X23001103 (In English)

6 Maolani D.Y. (2024) Policy Innovations in Poverty Reduction: Assessing Government Strategies and Their Impact on Socioeconomic Development // International Journal of Religion. Vol. 5. No. 11. P. 5786–5797. DOI: https://doi.org/10.61707/gn5qy464 (In English)

7 Simbolon R.S. (2022) Analyzing the Impact of Social Assistance Programs on Poverty Alleviation in Karo Regency // Law and Economics. Vol. 16. No. 3. P. 158–171. DOI: https://doi.org/10.35335/laweco.v16i3.58 (In English)

8 Amri S., Sihotang J. (2023) Impact of Poverty Reduction Programs on Healthcare Access in Remote Areas: Fostering Community Development for Sustainable Health // Law and Economics. Vol. 17. No. 3. P. 170–185. DOI: https://doi.org/10.35335/laweco.v17i3.43 (In English)

9 Collin C., Jahed M.I. (2025) Social Grants as a Lifeline: Assessing Their Impact on Poverty Reduction in African Countries // International Journal of Economics and Financial Issues. Vol. 15. No. 6. P. 508–513. DOI: https://doi.org/10.32479/ijefi.19921(In English)

10 Awain A.S., Jantan M.D., Sukati I. (2022) Assessing the Effect of Integration in Logistics Sector on Economic Growth: Evidence from Sultanate of Oman // International Business Research. Vol. 15. No. 1. P. 35–51. (In English)

11 Wang P., Li Ch., Huang Ch. (2023) The Impact of Digital Village Construction on County-Level Economic Growth and Its Driving Mechanisms: Evidence from China // Agriculture. Vol. 13. P. 1917. DOI: https://doi.org/10.3390/agriculture13101917 (In English)

12 Huang Z., Song W., Ye C., Hu W. (2022) The County Economic Growth Effect of Government Support for Migrant Workers to Return Home for Entrepreneurship // Chinese Rural Economy. No. 1. P. 24–43. (In English)

13 «Auyl-el besıgı»: Jambyl oblysynyñ 95 eldı mekenınde biyl 280 joba jüzege asady// gov.egov.kz. (ötınış berılgen kün: 26.12.2025) URL: https://betaegov.kz/memleket/entities/zhambyl/press/news/details/580833 (In Kazakh)

14 Amerhanova İ.K. (2024) Qazaqstan Respublikasyndağy ışkı köşı-qon üderısın äkımşılık qūqyqtyq retteu tetıkterın qamtamasyz etu şaralary // Alikhan Bokeikhan University habarşysy. No. 3(62). P. 21–27. (In Kazakh)

15 Indriani E., Martiningsih R.S.P., Inapty B.A. (2025) Implementing Digital Accounting Information Systems to Enhance Financial Governance in Village-Owned Enterprises (BUMDes): Evidence from West Lombok, NTB // JAA. Vol. 10. No. 1. P. 35–47. (In English)

16 Gunawan F.X.C., Rahman H., Awaru A.T. (2024) The Role of Interpersonal Skills of Village-Owned Enterprise (BUM Desa) Managers in East Sumba Regency Facing the Challenges of Changing Economic Structures // Jurnal Bina Praja. Vol. 16. No. 3. P. 573–587. (In English)

17 Türkıstanda «Auyl – el besıgı» men «auyl amanaty» jobalaryn bır bağdarlamağa bırıktıru mäselesı talqylandy. (ötınış berılgen kün: 26.12.2025) URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/news/details/931843 (In Kazakh)

18 «Auyl – el besıgı»: Jambyl oblysynda 111 joba ıske asyryluda. (ötınış berılgen kün: 26.12.2025) URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl/press/news/details/1028351 (In Kazakh)

19 «Auyl – el besıgı» arnaiy jobasynyñ ıske asyryluy turaly. (ötınış berılgen kün: 26.12.2025) URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-economy/documents/details/75000 (In Kazakh)

20 Oralova S. (2021) Development of the Telecommunications Sector in the Economy of Kazakhstan as the Basis of the National Model of the Information Society // Statistics, Accounting and Audit. No. 4(83). P. 51–58. DOI: https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-4.07 (In English)

21 Astafyeva A.G., Konopyanova G. (2025) Analysis of the State and Development Trends of the Creative and Cultural Sector of the Economy in East Kazakhstan Region // Central Asian Economic Review. No. 2. P. 46–69. DOI: https://doi.org/10.52821/2789-4401-2025-2-46-69 (In English)

22 Fang M., Ruan R. (2023) State-Owned Enterprises in China as Macroeconomic Stabilizers: Their Special Function in Times of Economic Policy Uncertainty. DOI: https://doi.org/10.1111/cwe.12503 (In English)

23 Nurgaliyeva K., Koshkina O., Zaitenova N., Kireyeva A., Kredina A. (2024) Relationship between Banking Infrastructure, Innovation and Economic Growth in Kazakhstan // Banks and Bank Systems. Vol. 19. No. 2. P. 40–52. DOI: https://doi.org/10.21511/bbs.19(2).2024.04 (In English)

**ЖАППАРХАНОВА Ж.У.,[1]**
докторант.
e-mail: zhaukazyna44@gmail.com
ORCID ID: 0009-0006-7717-7746
**ТАЛАПБАЕВА Г.Е.,[1]**
к.э.н., ассоциированный профессор.
e-mail: Gulnar7575@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-5162-6028
**САБИРОВА Р.К.,*[2]**
к.э.н., профессор.
*e-mail: sabirovar68@gmail.com
ORCID ID: 0000-0002-9947-6564
**КАРИМОВ Н.Г.,[3]**
д.э.н., профессор.
e-mail: n.karimov@tsue.uz
ORCID ID: 0000-0001-6963-240X
[1]Кызылординский университет
им. Коркыт Ата,
г. Кызылорда, Казахстан
[2]Атырауский университет
им. Х. Досмухамедова,
г. Атырау, Казахстан
[3]Ташкентский экономический
государственный университет,
г. Ташкент, Узбекистан

# ГИБРИДНЫЙ ПОДХОД К ОЦЕНКЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»: K-GTED И TRINITY MODEL

**Аннотация**

В настоящее время государственная программа «Ауыл – Ел Бесігі» (АЕБ) преимущественно ориентирована на финансирование инфраструктурных проектов, однако устойчивость и результативность таких инвестиций в значительной степени зависят от качества местного управления и управленческого потенциала. Целью данного исследования является разработка новой теоретико-методологической основы для оценки долгосрочной эффективности программы АЕБ, направленной на комплексное развитие сельских территорий Казахстана. В статье для анализа программы была использована общая теория экономического развития, за основу взят принцип экономической дискриминации и модель «триады развития». Исследование показало, насколько рабочие механизмы АЕБ соответствуют принципу экономического развития. Научная новизна исследования заключается во внедрении гибридной концепции, объединяющей принципы макроэкономической стратегии развития Казахстана (K-GTED) и корейской модели Trinity Model (Тройственная модель). Предложенная гибридная модель позволяет комплексно оценить синергетический эффект государственного инвестирования и потенциала местного управления. В статье проведен сравнительный анализ опыта Туркестанской, Кызылординской и Жамбылской областей, в которых применялись различные модели управления при реализации программы АЕБ. Результаты анализа показали, что эффективность программы в большей степени определяется не объемом финансирования, а его стратегической направленностью и качеством управления. В заключение предлагается использовать панельную регрессионную модель на основе годовых панельных данных для эмпирической проверки разработанной гибридной модели. Результаты исследования формируют практические рекомендации для последующих этапов реализации программы АЕБ, направленные на усиление местного потенциала и внедрение цифровых механизмов управления.

**Ключевые слова:** пособие, государственная программа, гибридная модель, качество жизни, экономические механизмы, социально-экономическое благосостояние, доход, денежные трансферты.

**ZHAPPARKHANOVA Zh.U.,**[1]
PhD student.
e-mail: zhaukazyna44@gmail.com
ORCID ID: 0009-0006-7717-7746
**TALAPBAYEVA G.E.,**[1]
c.e.s., associate professor.
e-mail: Gulnar7575@mail.ru
ORCID ID: 0000-0001-5162-6028
**SABIROVA R.K.,***[2]
c.e.s., professor.
*e-mail: sabirovar68@gmail.com
ORCID ID: 0000-0002-9947-6564
**KARIMOV N.G.,**[3]
d.e.s., professor.
e-mail: n.karimov@tsue.uz
ORCID ID: 0000-0001-6963-240X
[1]Korkyt Ata Kyzylorda University,
Kyzylorda, Kazakhstan
[2]Kh. Dosmukhamedov Atyrau University,
Atyrau, Kazakhstan
[3]Tashkent State University of Economics,
Tashkent, Uzbekistan

# A HYBRID APPROACH TO ASSESSING THE EFFECTIVENESS OF THE "AUYL – EL BESIGI" STATE PROGRAM: K-GTED AND THE TRINITY MODEL

**Abstract**

Currently, the Auyl–El Besigi (AEB) state program is primarily focused on financing infrastructure projects, but the sustainability and effectiveness of such investments largely depend on the quality of local governance and management capacity. The purpose – to develop a new theoretical and methodological framework for assessing the long-term effectiveness of the AEB aimed at integrated rural development in Kazakhstan. In the article, the general theory of economic development was used to analyze the program, based on the principle of economic discrimination and the model of the "triad of development". The study showed to what extent the working mechanisms of the AEB correspond to the principle of economic development. The scientific novelty of the research lies in the introduction of a hybrid concept combining the principles of Kazakhstan's macroeconomic development strategy and the Korean Trinity Model. The proposed hybrid model allows a comprehensive assessment of the synergetic effect of public investment and the potential of local government. The article provides a comparative analysis of the experiences of the Turkistan, Kyzylorda, and Zhambyl regions, which have applied different governance models in implementing the AEB. The findings demonstrate that the program's effectiveness is determined not so much by the volume of funding as by its strategic orientation. In conclusion, the study proposes the use of a panel regression model based on annual panel data to empirically test the proposed hybrid framework. The results offer practical recommendations for subsequent stages of the AEB, focusing on strengthening local capacity and introducing digital governance mechanisms.

**Keywords:** social benefit, state program, hybrid model, quality of life, economic mechanisms, socio-economic well-being, income, cash transfers.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 11.01.2026